

## БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ басшысы

Е. Жұмакенов

2024 ж.



# Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған «Бояулар сирі» кітап иллюстрациясының қалалық байқауының ЕРЕЖЕСІ

## 1. Жалпы ережелері

1.1 Бұл ереже қазақ балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған «Бояулар сирі» кітап иллюстрациясының Байқауын (одан әрі Байқау) үйімдастыру мен өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, шарттарын, тәртібін, мерзімін және басқа да талаптарын айқындайды.

1.2 Сайысқа Б.Соқпақбаевтың «Аяжан» повесі бойынша жасалған иллюстрациялар қабылданады.

1.3 Шығарманың қазақ және орыс тілдеріндегі цифрлық нұсқасы тарату құқығының үсінілады.

1.4 «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ (одан әрі үйімдастырушы). «Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ қолдауымен Байқауды үйімдастыру мен өткізу ділінде жүзеге асырады.

1.5 Осы Ережеде көрсетілген нормалар мен талаптар қайта қарауға және өзгертуге жатпайды. Байқауға қатысушылар осы Ереженің барлық талаптарын орындауға келіседі.

## 2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1 **Мақсаты:** қазақ балалар прозасының озық ұлгілерін оку арқылы қазақ балалар әдебиетін насиҳаттау.

### 2.2 Міндеттері:

- қазақ балалар жазушысы Б.Соқпақбаевтың шығармашылығын кеңінен танымал ету;
- балалардың шығармашылығын дамыту, өскелең үрпақты кітап мәдениетіне, кітап өнерінің эстетикасына баулу.

## 3. Байқау өткізу тәртібі мен мерзім

3.1 Б.Соқпақбаевтың «Аяжан» повесінің мазмұны мен мағынасына байланысатын жекелеген иллюстрация Байқау жұмысы болып саналады

3.2 Байқау жұмыстарын жинау және қарау байқаудың мазмұны болып табылады, оның қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталады.

3.3 Байқау ұйымдастырушы Байқаудың осы Ережесін иллюстрация жасауға ұсынылған әдеби шығарма мәтінінің электрондық көшірмесімен бірге жібереді.

3.4 Өтінімдер (байқауға қатысушының өтінім үлгісін қараңыз) ұйымдастырушының электрондық поштасы арқылы ([odb\\_abai@mail.ru](mailto:odb_abai@mail.ru)) 2024 жылдың 1 сәуіріне (қоса алғанда) дейін қабылданады.

3.5 Байқау жұмысы 2024 жылдың 12 сәуіріне дейін (қоса алғанда) Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасында (Қарағанды қ. Бұқар жырау даңғылы, 30) қабылданады.

3.6 Байқау жұмыстарын бағалауға құзыретті қазылар алқасы қатысады. Қазылар алқасының құрамын ұйымдастырушы байқау ерекшелігін ескере отырып анықтайды. Сараптама комиссиясының құрамы мен шешімдері талқыланбайды.

3.7 Байқау жеңімпаздарының салтанатты марапаттау рәсімі 2024 жылғы 25 сәуірде Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасында (**Бұқар жырау даңғылы, 30**) өткізіледі. Откізілетін күні мен уақыты қатысушыларға қосымша хабарланады.

#### **4. Қатысушыларға және байқау жұмыстарына қойылатын талаптар**

4.1 Байқауға қатысуға 6-7 сынып оқушылары шақырылады.

4.2 Байқаудың бір қатысушысынан 1 (бір) шығармашылық жұмыс қабылданады. Ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.

4.3 A4 форматында кітаптық-иллюстрациялық өнерді орындаудың кез келген жанрында және техникасында Б.Соқпақбаевтың «Аяжан» повесіне жасалған иллюстрация Байқау жұмысы болып саналады.

4.4 Шығармашылық жұмыстың төменгі оң жақ бұрышында автордың тегі, аты-жөні жазылуы тиіс.

4.5 Байқауға қатысушы Байқау жұмысын жасау кезінде авторлық құқықты және заңнамада көзделген өзге де талаптарды толығымен сактауға міндеттенеді. Заңнама бұзылған жағдайда, конкурсант дербес жауап кершілікте болады.

#### **5. Қазылар алқасының жұмысы, жұмыстарды бағалау критерийлері**

5.1 Қазылар алқасының жұмысы 2024 жылғы 19 сәуірде жүргізіліп, жеңімпаздар анықталады. Ұйымдастырушы қазылар алқасы мүшелерінің отырысын өткізуге және қазылар алқасының жұмысы мен жеңімпаздарды объективті анықтауы үшін барлық қажетті жағдайларды жасауға міндеттенеді.

5.2 Осы ереженің талаптарына сәйкес келетін жұмыстар қазылар алқасының қарауына жіберіледі.

5.3 Қазылар алқасының мүшелері бағалау барысында келесі критерийлерді басшылыққа алуды міндеттенеді:

- орындалған жұмыстың көлемі және оны орындау күрделілігі;
- әдеби шығарманың мазмұнына сәйкестігі;
- көркемдік шеберлік, таңдалған техниканы менгеру деңгейі;

5.4 Қазылар алқасы қорытындысының нәтижелері салтанатты марапаттау рәсімінде және кітапхананың сайтында [www.odb-abai.kz](http://www.odb-abai.kz) жарияланады.

## **6. Қатысушыларды марапаттау**

6.1 Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы I, II, III орын және номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

6.2 Ұйымдастыруши қазылар алқасымен келісе отырып, З ынталандыру сыйлығын тағайындейді.

6.3 Байқау жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен және дипломдармен марапатталады.

6.4 Жеңімпаздарды даярлаған жетекшілер алғыс хаттармен марапатталады..

6.5 Барлық қатысушыларға электрондық сертификат беріледі.

## **7. Байқауды ұйымдастырушының жауапкершілігі**

7.1 Ұйымдастыруши өз құзыреті шегінде Байқауды ұйымдастыру мен өткізу сапасына, сонымен қатар байқауға қатысқандардың барлығының занды мүдделерін қорғауға жауапты болады.

7.2 Байқауға қатысқандардың кез келгенінің занды мүдделерінің немесе құқықтық тәртіптің басқа да нормаларының бұзылуы ұйымдастырушыға байланысты емес себептер және оның кінәсіздігі бойынша орын алғанда, ұйымдастыруши жауапты болмайды.

7.3 Ұйымдастырушының занды мекенжайы: Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Бұқар жырау даңғылы, 30 үй, электронды пошта: [odb\\_abai@mail.ru](mailto:odb_abai@mail.ru).

Байқаудың үйлестірушілері: мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып балаларына қызмет көрсету бөлімінің кітапханашылары:

**Абулгазинова Бахыт Мамбетовна +77059869365**

**Болатбекова Күміс Ерланқызы +77023687874**

**Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған  
«Бояулар сыры» кітап иллюстрациясының  
қалалық байқауына қатысу туралы  
өтінім**

<b>Жұмыс авторының тегі, аты</b>	
<b>Білім беру мекемесінің толық атауы, сыныбы</b>	
<b>Қатысушының байланыс телефоны</b>	
<b>Байқауға қатысушының жетекшісі (аты-жөні толығымен), байланыс телефоны, e-mail</b>	